

Атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Бесқоспа ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 5 маусымдағы № 13 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2026 жылғы 02 маусымдағы № 2 қорытындысына сәйкес, Бесқоспа ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға ауданы Бесқоспа ауылдық округі Есет батыр ауылындағы атауы жоқ көшеге "Бақыт Биманалин" есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесқоспа ауылдық округ
әкімі*

Н. Таженов